



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ

ФИЛОСОФИЯ ЖӘНЕ САЯСАТТАНУ ФАКУЛЬТЕТИ

Дәріс 1

КОНФЛИКТТЕР ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРҒА ТАРИХИ ШОЛУ

Дәріскер:


П.Ф.К., доцент м.а. Ә.М.Құдайбергенова

Конфликттер туралы көзқарастарға тарихи шолу

1. Конфликттер туралы ертедегі көзқарастар
2. Жаңа уақыттың тарихи аясындағы конфликттер туралы көзқарастар (ХVIII-XIX ғ.)
3. Заманауи тұжырымдамалар

КОНФЛИКТТЕР ТУРАЛЫ ЕРТЕДЕГІ КӨЗҚАРАСТАР

Откен ғасырлардағы конфликттерді шешудің негізгі тәсілі көсемдер мен басшылардың қасиетті билігін қолдану болып табылады. Дегенмен, тұлғалық ерте мемлекеттік құрылымдардың қалыптасу әрдайым тәртіп орната алмады, керісінше, көп жағдайда әлеуметтік әділетсіздікті шиеленістірді, өмір үшін қресті күшейтті.



Әлеуметтік конфликттердің табиғатын ұтымды түрде ұғынуға деген алғашқы талпыныстар ежелгі грек философтарына тиесілі.




Көне философ-диалетик Гераклит (б.э.д. 530-470 жылдары өмір сүрген) соғыстар мен конфликттер туралы өзінің пікірлерін әлем табиғатына қатысты пікірлердің жалпы жүесімен байланыстыруға тырысты.

Ол үшін барлығы мәңгілік айналып оралу мен өзара өзгеріске тап болған және адамзат қарым-қатынасының ережелері де – әлемде барлығы дүшпандық пен араздық арқылы дүниеге келеді.

Фарышты билік жүргізетін жалпыға бірдей жалғыз заң – бұл «соғыс» - барлығынң әкесі әрі патшасы. Гераклиттің бұл сөздері қоғамдық даму үдерісінде құрестің жағымды рөлін онтайлы түрде негіздеуге жасалған талпыныстардың бірі болып табылады.


Барлық заттардың негізі ретіндегі конфликттер мен күрес туралы Гераклит идеяларын ежелгі философ-материалист Эпикур да айтқан. Оның айтуынша, қақтығыстың негативті салдары адамдарды қандай да бір уақытта тұрақты бейбітшілік жағдайында өмір сұруге итермелейді. Осылайша, қоғамдағы конфликтсіз жағдай туралы армандар алғашқы теориялық пікірлермен толықтырылды.



Орта ғасырдан жаңа уақытқа өтуші Батыс және Орталық Еуропа елдерінің қарқынды мәдени және идеялық даму кезеңі. Осы кездे Т. Мор, Э. Роттердамский, Ф.Рабле, Ф. Бэкон секілді танымал гуманисттер әлеуметтік қақтығыстар мен қарулы конфликттерді айқын айыптаған болатын.



Эразм Роттердамский «білмейтіндер үшін соғыс тәтті» деген ойды айтып, төменде көрсетеліген тұжырымдарға тоқталды.



Ел тұрғындарының барлық жаңа топтарын өз орбитасына қамти отырып, конфликттің жеке қисыны бар екенін атап көрсетті.



Гуманистр конфликтте қарсыласқан тараптарды татуластыру қийындағана ерекше мән берді.

Материалдық

Ағылшын философы-
материалист Френсис
Бэкон алғашқы болып
әлеуметтік
тәртіпсіздіктердің үш
шартын талдады.

Саяси

Психологиялық

Ф.Бэкон саяси тәртіпсіздіктердің психологиялық себептерін атап өтті:

Үкіметті жаман атқа қоятын жалған өсектер

Тақсырдың айтқан өзкір әрі шақпалы сөздері

Жала жабатын және қастандық сөздер

Қоғамдық өмірдегі көре алмаушылық

XVIII ғасырда ағылшын демократтары мен француз ағартушылары В.Д.Пристли, Ш. Монтесье, Д.Дидро, Ж.Ж. Руссо, Вольтер қарулы конфликттерді ашық сынап, бағындыру мен күштеуді айыптады.

Ж.Ж.Руссоның қоғамдағы «табиғи жағдай» табиғаты туралы көзқарастарын оның көпшілік замандастары қолдамады. Атақты неміс философы Иммануил канттың пікірінше, «көршілес тұратын адамдар арасындағы бейбітшілік жағдайы табиғи жағдай болып табылылмайды».



Дүниежүзілік тарихи үдеріс Жан Жак Руссоның еңбектерінде үш құрамдас кезге бөлінеді:

1. Алғашында адамдар еркін әрі тең болатын «табиғи жағдай» орын алады.

Өркениеттің дамуы адамдар тараپынан теңдік, еркіндік пен бақыт жағдайының жойылуына алып келеді.

Қоғамдық келісім түзе отырып, адамдар қоғамдық қарым-қатынастағы жоғалған үйлесімділікке, «мәнгі бейбітшілікке», келісім мен бірлікке қайтадан қол жеткізеді.

Өзін-өзі бақылауға арналған сұрақтар:

1. Эразм Роттердамскийдің конфликт туралы ойларын сипаттаңыз.
2. Френсис Бэконның конфликт табиғаты жайлы ойлары несімен қызықты?
3. Жаңа уақыттың тарихи аясындағы конфликттер туралы көзқарастарға қысқаша сипаттама беріңіз.
4. XIX-XX ғғ. конфликт мәселесін зерттеуге зор ықпал еткен әлеуметтану рөлін жазыңыз.
5. Жаңа институционализм және осы теория аясында конфликтіге көзқарастарын сипаттаңыз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Гуторов В.В. Античная социальная утопия: Вопросы истории и теории. Л., 1989.
2. Дмитриев А.В. Конфликтология: Учебное пособие. – М.: Гардарики, 2001. – 320 с.
3. Запрудский Ю.Г. Социальный конфликт. Ростов н/Д, 1992.

Назар
аударғандарыңызға
ракмет